

«Шырша астындағы Coca-Cola сыйлықтары» ЖАРНАМА НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Шырша астындағы Coca-Cola сыйлықтары» жарнама науқанын өткізу ережелері (бұдан әрі – **«Ережелер»**) «Шырша астындағы Coca-Cola сыйлықтары» жарнама науқанын (бұдан әрі – **«Науқан»**) өткізу, сондай-ақ, Науқан аясында өтетін ұтыс ойыны мен жүлде беру тәртібін және шарттарын анықтайды.

1.2. Науқанның мақсаты – ТССС¹ тауар белгілерімен шығатын сусындарға (бұдан әрі – **«ТССС өнімі»**) деген тұтынушылар қызығушылығын өрбіту, сатылу көлемін ұлғайту, жағымды имиджін қалыптастыру, оларға деген тұтынушылық сұранысты арттыру.

1.3. Науқан Қазақстан Республикасының Алматы, Қаскелең, Талғар, Есік, Қонаев, Талдықорған, Жаркент, Үшарал, Боралдай, Өтеген батыр, Абай, Іргелі, Панфилов, Ұзынағаш елді-мекендерінде орналасқан «Toimart» супермаркеттер желісінің бөлшек сауда клиенттері арасында өтеді.

1.4. Бұл Ережелер орыс және қазақ тілдерінде берілген және «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында жарияланған. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелермен таныс екенін және олармен келісетінін растайды.

1.5. Науқан тек «Toimart» супермаркеттер желісінің кассаларында ТССС өнімдерін сатып алатын бөлшек сауда тұтынушылары арасында жүргізіледі. ТССС өнімдерін клиент бөлімдері мен оптомаркеттерде сатып алатын тұтынушылар Науқанға қатыстырылмайды.

ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ӨТЕТІН НАУҚАН МЕН ЖҮЛДЕ ҰТЫС ОЙЫНЫ ЛОТЕРЕЯ НЕМЕСЕ ҚҰМАР ОЙЫНЫ ЕМЕС ЖӘНЕ НАУҚАН МЕН ЖҮЛДЕ ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ТҰЛҒАЛАРДАН ҚОСЫМША АҚЫ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ.

2. НАУҚАНҒА ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ЖӘНЕ ОНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

2.1. Науқанға тапсырыс беруші: «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС, тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А05D0G0, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь к-сі 203/73 (бұдан әрі – **«Тапсырыс беруші»**)

2.2. Науқанды ұйымдастырушы: «ТОИМАРТ» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, тіркелген мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Розыбақиев көшесі, 4-ғимарат, пошталық индексі 050009 (бұдан әрі – **«Ұйымдастырушы»**).

3. НАУҚАН ӨТКІЗУ КЕЗЕҢІ МЕН ОРНЫ

3.1. Науқан өткізу кезеңі: 2024 жылғы 21-қараша мен 2025 жылғы 15-қаңтар аралығы (екі күнді қоса алғанда, бұдан әрі – **«Науқан кезеңі»**).

3.2. Науқан өткізу орны: Қазақстан Республикасының Алматы, Қаскелең, Талғар, Есік, Қонаев, Талдықорған, Жаркент, Үшарал, Боралдай, Өтеген батыр, Абай, Іргелі, Панфилов, Ұзынағаш елді-мекендерінде орналасқан «Toimart» супермаркеттер желісі (бұдан әрі – **Науқан өткізу орны**).

¹ТССС – бірлесе немесе жекелей «The Coca-Cola Company», Schweppes Holdings Limited және Тапсырыс берушіге ТССС сауда белгілерін пайдалану құқығын берген ТССС сауда белгілерінің барлық басқа құқық иелері.

ТССС сауда белгілері – «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС өз өнімін өндірген, таратқан және (немесе) жарнамалаған кезде қолданатын барлық Сауда белгілері.

4. НАУҚАНДЫҚ ӨНІМ

4.1. Науқандық өнім: Науқанға келесі ТССС өнімдері қатысады (бұдан әрі – «Науқандық өнім»):

№	ТССС өнімінің атауы	Көлемі	Штрихкод
1	Coca-Cola Classic	2 ЛИТР	5449000000286
2	Coca-Cola Classic	2,25 ЛИТР	5449000025173
3	Coca-Cola Zero Sugar	2 ЛИТР	5449000131843
4	Fanta	2 ЛИТР	5449000004840
5	Sprite	2 ЛИТР	5449000004864

5. НАУҚАН МЕХАНИКАСЫ

5.1. Науқан механикасы: Науқанға қатысу үшін «Toimart» супермаркеттер желісінің клиенті келесі іс-әрекеттерді атқаруы тиіс:

- 1) Науқан кезеңі ішінде «Toimart» супермаркеттер желісі филиалдарының бірінде бір Науқандық өнім атауының кемінде 2 (екі) данасын сатып алу керек;
- 2) Сауда нәтижесінде бір Науқандық өнім атауының кемінде 2 (екі) данасы сатып алынғандығын растайтын промо-коды бар кассалық-бақылау аппарат чегін алуы керек;
- 3) Алынған кассалық-бақылау аппарат чегінде көрсетілген промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында келесі және басқа да қажетті деректерді енгізу арқылы тіркеуі керек: тегі; аты; әкесінің аты (бар болса); жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН); ұялы телефон нөмірі; электрондық пошта мекенжайы; кассалық-бақылау аппарат чегінің нөмірі, сомасы және берілген күні; супермаркет мекенжайы; кассалық-бақылау аппарат чегін берген касса нөмірі; сауда нөмірі. Егер кассалық-бақылау аппарат чегі жаңа форматта болса, онда QR кодының астындағы нөмір қажет.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді орындаған тұлға Науқан қатысушысы атанады (бұдан әрі – «Қатысушы») және осы Ережелердің 7.1.-тармағында көрсетілген жүлде қоры ұтысына қатысу құқығына ие болады. Науқанға қатысу үшін тіркелген кассалық-бақылау аппарат чегінің түпнұсқасы бүкіл Науқан кезеңі бойы, соның ішінде жүлделерді ұтысқа салу және жүлде беру кезіне дейін сақталуы тиіс.

Ескертпе: ұтыс ойынына қатысуға арналған кассалық-бақылау аппарат чегінің түпнұсқасы бүтін, зақымдалмаған, жазуы оқылатындай айқын болуы керек, және осы тармаққа сәйкес ұтыс ойынына қатысу үшін қажет барлық ақпаратты қамтуы тиіс. Егер кассалық-бақылау аппарат чегі жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, Қатысушы ұтыс ойынына қатысу құқығынан айырылады.

5.2. Науқандық өнімді сатып алғаны үшін берілген кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында тіркеу кезінде Қатысушы енгізген деректер Ұйымдастырушының ішкі жүйесіне автоматты түрде енгізіледі де Науқанның жүлде қоры ұтысқа түскен күні сол жүйеден алынады.

5.3. Кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында тіркеу кезінде Қатысушы деректерді қате, ішінара

және (немесе) бұрыс енгізсе, ол Тапсырыс берушінің және (немесе) Ұйымдастырушының кінәсі болып саналмайды. Кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты тіркеу кезінде деректерді қате, ішінара және (немесе) бұрыс толтырған Қатысушы Науқанға және ұтыс ойынына қатыстырылмайды.

5.4. Бір кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-код Қатысушыға осы Ережелердің 8.1.-тармағында көрсетілген жүлделердің төрт ұтыс ойынының біріне қатысу құқығын береді, яғни оны қайта пайдалануға болмайды. Барлық ұтыс ойындарына қатысу үшін Қатысушы осы Ережелердің 5.1.-тармағына сәйкес Науқандық өнімдерді кемінде төрт рет сатып алып, Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында төрт әртүрлі промо-кодты тіркеуі керек.

5.5. Егер осы Ережелерде өзгеше айтылмаса, Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушыларда Науқандық өнімді сатып алуға, Науқанға қатысуға, жүлде ұтыс ойыны мен жүлде беруге байланысты туындауы мүмкін шығындар мен шығыстар үшін жауап бермейді.

5.6. Тапсырыс беруші келесі жағдайларға жауапты емес:

- 1) «Toimart» супермаркеттер желісінің тиісті филиалында Науқандық өнімдердің болмауы немесе таусылуы;
- 2) «Toimart» супермаркеттер желісінің тиісті филиалының промо-коды бар кассалық-бақылау аппарат чегін беру міндетін орындамауы;
- 3) Байланыс жүйесінде немесе кассалық-бақылау аппарат жұмысында ақаулар пайда болып, салдарынан Қатысушыға кассалық-бақылау аппарат чегінің берілмеуі немесе мәліметтері толық емес немесе дұрыс емес кассалық-бақылау аппарат чегінің берілуі;
- 4) Кассалық-бақылау аппарат чегінде қателік, жаңылысу немесе басқа дәлсіздіктер орын алып, салдарынан Қатысушының Науқанға қатысу үшін Науқандық өнімнің сатып алынуын дәлелдей және (немесе) тіркей алмауы;
- 5) Байланыс жүйесінде немесе «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтының жұмысында ақаулар орын алып, салдарынан Қатысушының кассалық-бақылау аппарат чегінде көрсетілген промо-кодты растай және (немесе) тіркей алмауы.

5.7. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша есептеледі.

6. НАУҚАН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

6.1. Науқан қатысушылары: Науқанға келесі тұлғалар қатыса алады:

- 1) Науқандық өнімді сатып алған кезде жасы 18-ге толған Қазақстан Республикасы азаматтары;
- 2) Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты бар және оның территориясында тұрақты тұратын, Науқандық өнімді сатып алған кезде жасы 18-ге толған шетел азаматтары.

Ескертпе. Науқанға қатыстырылмайтын тұлғалар: (i) осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар, (ii) Тапсырыс берушінің және Ұйымдастырушының жұмыскерлері, қызметкерлері және өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олармен енішiлес тұлғалар, (iii) Науқанды әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу аясында Тапсырыс берушімен және Ұйымдастырушымен шарттық қатынастағы үшінші тұлғалардың жұмыскерлері, қызметкерлері және өкілдері.

6.2. Келесі жағдайларда Қатысушы жүлде ұтысы мен жүлде беруге қатыстырылмайды:

- 1) Қатысушы осы Ережелерді бұзған немесе сақтамаған жағдайда
- 2) Қатысушы Науқанды өткізуге қатысты заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда;

- 3) Қатысушы Науқанға қатысудан бастартып, өзінің жеке деректерін өңдеуге берген келісімін қайтарып алған жағдайда;
- 4) Қатысушы Науқан кезеңіне дейін және (немесе) одан кейін шығарылған кассалық-бақылау аппарат чегін ұсынған жағдайда;
- 5) Кассалық-бақылау аппарат чегі жойылған немесе ол бойынша Науқандық өнім қайтарылған жағдайда;
- 6) Қатысушы Науқанға қатысу шарттарын және осы Ережелерді бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда.

7. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

7.1. Науқанның жүлде қоры Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен құралады және келесі жүлделерден (бұдан әрі – **Жүлделер**) тұрады:

№	Жүлде атауы	Саны
1	Вертикалды шаңсорғыш DYSON V8 (SV25) ABSOLUTE	4
2	Теледидар LG LED 43LM5772PLA FHD SMART	4
3	Шаңсорғыш робот XIAOMI ROBOT VACUUM S10+ (White)	4
4	Яндекс ақылды колонкасы. Сағаты бар Мини станциясы (Қара оникс)	12
5	Қол блендері BRAUN MQ 535 Sauce	12
6	Тостер Smeg TSF-01CREU	12

7.2. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Жүлделердің Науқан Қатысушылары талғамына сай келмеуіне жауап бермейді. Сондай-ақ, Жүлделердің сыртқы түрі, сипаттамалары, техникалық параметрлері және басқа да ерекшеліктері Науқанның жарнама материалдары мен басқа дереккөздердегі бейнелерінен өзгеше болуы мүмкін. Осы Ережелерде немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында өзгеше көрсетілмесе, Жүлделер өз құнының ақшалай эквивалентімен немесе басқа өтемақы түрімен алмастырылмайды.

8. ЖҮЛДЕ ҰТЫС ОЙЫНЫ

8.1. Қатысушылар арасында жүлде ұтыс ойындарын Ұйымдастырушы өкілдері келесі кезеңдерде өткізеді:

- 1) Бірінші ұтыс ойыны: 2024 жылғы 5-жеттоқсан мен 2024 жылғы 12-желтоқсан аралығы;
- 2) Екінші ұтыс ойыны: 2024 жылғы 19-жеттоқсан мен 2024 жылғы 26-желтоқсан аралығы;
- 3) Үшінші ұтыс ойыны: 2025 жылғы 2-қаңтар мен 2025 жылғы 9-қаңтар аралығы;
- 4) Төртінші ұтыс ойыны: 2025 жылғы 16-қаңтар мен 2025 жылғы 23-қаңтар аралығы.

8.2. Әрбір Жүлде ұтысының нақты күнін Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы бірлесе анықтайды. Ұтыс ойыны күні анықталғаннан кейін Қатысушыларға тиісті әрі уақытылы хабарлама жіберіледі.

8.3. Ұтыс ойынының механикасы: Жүлделердің Қатысушылар арасындағы ұтысын Ұйымдастырушының өкілдері өткізіп, жеңімпаздарды да (бұдан әрі – «**Жеңімпаз**») солар анықтайды. Ол үшін www.random.org сайтындағы кездейсоқ сандар генераторы мен Науқандық өнімнің сатып алынғандығын растайтын кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында тіркеу кезінде Қатысушы ұсынған деректер қолданылады.

8.4. Ұйымдастырушы өкілдері Жеңімпаздарды кездейсоқ сандар генераторымен анықтау барысын экраннан жазып алып, жазбаны Науқан аяқталған күннен бастап бір ай бойы сақтайды. Жүлделердің ұтыс нәтижелері мен экран жазбасы «Toimart» супермаркеттер желісінің www.toimart.kz ресми сайтында жарияланады.

9. ЖЕҢІМПАЗДАРҒА ХАБАР БЕРУ

9.1. Жүлде ұтыс ойыны аяқталып, Жеңімпаздар анықталғаннан кейін Ұйымдастырушы өкілдері Жеңімпаздарға Жүлде ұтысының нәтижелері туралы телефон немесе WhatsApp жедел хабар алмасу қызметі арқылы хабарлайды немесе Жеңімпазды тиісті түрде хабардар етудің басқа әдісін қолданады.

9.2. Егер Ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы өкілдері Жеңімпазбен кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми сайтында тіркеу кезінде көрсетілген байланыс деректері бойынша байланыса алмаса, Жеңімпаз жүлде алу құқығынан айырылады. Мұндай жағдайда Ұйымдастырушы өкілдері жаңа Жеңімпазды анықтау үшін Жүлдені қайта ұтысқа салады.

9.3. Егер Ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы өкілдері кассалық-бақылау аппарат чегіндегі промо-кодты «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми сайтында тіркеу кезінде көрсетілген байланыс деректері бойынша Жеңімпазбен байланысқа шықса, Жеңімпаз Жүлде ұтысының жеңімпазы атанғаны туралы хабардар етіледі. Мұндай жағдайда Жеңімпазға Жүлде берілетін күн мен орны туралы ақпарат беріліп, оны алу үшін басқаларын қоспағанда келесі құжаттардың қажет екені хабарланады: (i) Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаттар, (ii) кассалық-бақылау аппарат чегінің түпнұсқасы және (iii) Ұйымдастырушы өкілдері Жүлдені беру үшін сұратуы мүмкін басқа да құжаттар.

9.4. Жеңімпаз ұтыс ойынының нәтижелері туралы хабардар етілсе, Жеңімпаз хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы өкілдеріне осы Ережелердің 9.3-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсыруға міндетті.

10. ЖҮЛДЕ БЕРУ

10.1. Ұйымдастырушы өкілдері Жеңімпаздарға Жүлделерді 2025 жылдың 16-қаңтары мен 2025 жылдың 15-ақпаны аралығында табыс етеді. Нақты Жүлде беру күнін Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы бірлесе анықтайды. Жүлде берудің нақты күні анықталған жағдайда, Жеңімпаздарға Жүлде беру күні, уақыты және орны туралы ақпарат уақытылы және тиісті түрде жеткізіледі.

10.2. Жүлде алу үшін Жеңімпаздар белгіленген Жүлде беру уақытында Жүлде берілетін жерге жеке өздері келуі тиіс.

10.3. Жүлде алған кезде Жеңімпаз Хабарлау және жүлде алу актіне (бұдан әрі – «**Акт**») қол қоюға және осы Ережелердің 11-тарауына сәйкес келісім беруге міндеттенеді (қажет болған жағдайда). Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Жүлдені Жеңімпазға табыстаған

сәтте оны беру міндетін орындаған болып саналады. Актте көрсетілген Жүлде беру күні оны табыстау сәті болып саналады.

10.4. Жүлде келесі жағдайларда Жеңімпазға берілмейді:

- 1) Жеңімпаз осы Ережелерді бұзған немесе сақтамаған жағдайда;
- 2) Жеңімпаз Науқанды өткізуге қатысты заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда;
- 3) Жеңімпазға тиісті түрде хабар жеткізілгенімен Жүлденің ұтыс ойны өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жеңімпазбен хабарласу мүмкін болмаған жағдайда;
- 4) Жеңімпаз Жүлде алу үшін қажетті құжаттарды тапсырмаған және (немесе) осы Ережелердің өзге де талаптарын орындамаған жағдайда;
- 5) Жеңімпаз осы Ережелердің 11-тарауына сәйкес Актке қол қоюдан және келісім беруден бас тартқан жағдайда;
- 6) Жеңімпаз Жүлде алудан бас тартқан немесе дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін қайтарып алған жағдайда;
- 7) Жеңімпаз Науқанға қатысу шарттары мен осы Ережелерді бұзатын басқа да әрекеттер жасаған жағдайда.

10.5. Ұйымдастырушы және оның өкілдері келесі әрекеттерге құқылы:

- 1) Жеңімпаздың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ осы Ережелерге сәйкес Жүлде беру үшін қажетті басқа да құжаттарды сұрату;
- 2) Осы Ережелердің 10.4-тармағы талаптарын бұзған Жеңімпазға Жүлде беруден бас тарту;
- 3) Жеңімпаздардан және (немесе) олармен бірге келген тұлғалардан дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім беруді талап ету.

10.6. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Жеңімпаздарда Жүлде алуға байланысты туындайтын шығындарға жауапты емес.

10.7. Тапсырыс беруші ұтыс ойыны Жеңімпаздары мен Жүлде иегерлері үшін жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) өзі төлейді.

10.8. Тапсырыс беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілдері Жеңімпаздан оның Жүлде алуына байланысты туындауы мүмкін жеке тұлғаға салынатын жеке табыс салығын төлеу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қажетті құжаттарды немесе мәліметтерді талап етуге құқылы. Жеңімпаз Тапсырыс берушіге және (немесе) оның уәкілетті өкілдеріне осындай құжаттарды және (немесе) ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілдері Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ

ЕШ ЖАҒДАЙДА НАУҚАНҒА ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ҰСЫНҒАН ЖҮЛДЕЛЕР САТЫЛЫМҒА НЕМЕСЕ ҚАЙТА САТЫЛЫМҒА ТҮСПЕУІ ТИІС. ОСЫ ШАРТ БҰЗЫЛЫП, АТАЛМЫШ САТЫЛЫМ ОРЫН АЛСА, ОЛ «THE СОСА-COLA COMPANY» КОМПАНИЯСЫНА ТИЕСІЛІ ТАУАР БЕЛГІЛЕРІН ЗАҢСЫЗ ҚОЛДАНУ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙДА КОМПАНИЯ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ЖӘНЕ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРДІ ТОҚТАТУ ҮШІН ҚАЖЕТ ДЕП ТАБАТЫН КЕЗ-КЕЛГЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЗАҢДЫ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ.

11. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛІСІМІ

11.1. Жүлде табыстау бұқаралық шара ретінде ұйымдастырылып, оған Жүлде табыстау процесін аудио, фото және видео жазбаға түсіретін БАҚ өкілдері қатысуы мүмкін. Науқанға

қатыса отырып, барлық Науқан Қатысушылары өз аттары, мекенжайлары, фото және видео бейнелері мен аудио жазбалары бұқараға жарияланып, Ұйымдастырушының, Тапсырыс берушінің және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалардың қалауы бойынша аудио, фото және видео материалдарында қандай да бір өтемақысыз қолданылуы мүмкін екендігімен келіседі.

11.2. Жоғарыда аталған бұқаралық іс-шара ұйымдастырылған және өткізілген жағдайда Ұйымдастырушы мен Тапсырыс берушінің өкілдері және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар Қатысушыларды, Жеңімпаздарды және (немесе) олармен бірге келетін тұлғаларды осы шарт пен жоғарыда аталған келісімді және (немесе) жеке деректерді жинауға және өңдеуге қатысты келісімді беру қажеттілігі туралы хабардар етеді.

11.3. Ұтыс ойынына қатысатын әрбір Қатысушы мен Жүлде алуға келген әрбір Жеңімпаз өзінің аты-жөні, бейнесі, аудио және видео жазбасы Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар өз қалауынша қажет деп табатын кез-келген түрде жариялануы және Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және (немесе) Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге жұмылдырылған басқа тұлғалар тарапынан кез-келген аудио, фото және видео материалдарда Қатысушылардың, Жеңімпаздардың қосымша келісімінсіз, рұқсатынсыз, Қатысушыларға, Жеңімпаздарға қандай да бір өтемақы берілуісіз және оларды келешекте хабардар етпестен қолданылуы мүмкін екендігімен келіседі.

12. ЕРЕЖЕЛЕРДІ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУ

12.1. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы осы Ережелердің мәтініне кез-келген уақытта өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

12.2. Ережелер мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Қатысушыларға арналған тиісті хабарлама «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында жарияланады. Сайтта жарияланған хабарлама Қатысушыларды Ережелер мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етудің жеткілікті және орынды тәсілі болып саналады.

12.3. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушыларды Ережелер мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабардар етудің басқа әдістерін пайдалана алады.

12.4. Тапсырыс беруші Қатысушының Ережелер мәтініне енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен танысуына кедергі келтіретін байланыс ақаулары үшін немесе «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтының жұмысындағы ақаулар үшін жауапты емес.

13. НАУҚАНДЫ ДОҒАРУ, ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ЖОЮ

13.1. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Науқанды кез-келген уақытта тоқтатуға, доғара тұруға, жалғастыруға, ұзартуға немесе жоюға құқылы.

13.2. Қатысушыларды Науқанның тоқтатылатыны, уақытша доғарылатыны, жалғасатыны, ұзаратыны немесе жойылатыны туралы тиісті хабардар ету үшін «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтында тиісті хабарлама жарияланады. Сайтта жарияланатын хабарлама Қатысушыларды Науқанның тоқтатылатыны, уақытша доғарылатыны, жалғасатыны, ұзаратыны немесе жойылатыны туралы хабардар етудің жеткілікті және лайықты әдісі болып саналады.

13.3. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушыларды Науқанның тоқтатылатыны, уақытша доғарылатыны, жалғасатыны, ұзаратыны немесе жойылатыны туралы хабардар етудің басқа әдістерін пайдалана алады.

13.4. Тапсырыс беруші Қатысушының Науқанның тоқтатылатыны, уақытша доғарылатыны, жалғасатыны, ұзаратыны немесе жойылатыны туралы білуіне кедергі келтіретін байланыс ақаулары үшін немесе «Toimart» супермаркеттер желісінің ресми www.toimart.kz сайтының жұмысындағы ақаулар үшін жауапты емес.

14. THE COCA-COLA COMPANY (TCCC) ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ

14.1. Осы Ережелерде ештеңе Қатысушыға ТССС тауар белгілеріне иелік етуге немесе олардан табыс табуға құқық бермейді. Ережелер де, Науқанға қатысу да Қатысушыға ТССС мен Тапсырыс берушінің атауын, эмблемаларын, тауар белгілерін немесе авторлық құқықтарын маркетингтік немесе жарнама мақсаттарында, сондай-ақ Науқан аясынан тыс басқа мақсаттарда қолдануға немесе атауға (ТССС-дің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз) құқық бермейді. Қатысушы ТССС тауар белгілерінің заңдылығын немесе ТССС-дің оларға деген құқығын мойындайды және бұл қағидатқа ешқашан күмән келтірмейді.

14.2. Қатысушы осы Ережелердің ТССС тауар белгілеріне қатысты құқықтарды сақтау шарттарын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші сол шарт бұзушылыққа байланысты өзі және (немесе) ТССС, сондай-ақ қандай да бір басқа авторизацияланған өндіруші және (немесе) ТССС тауар белгілері бар тауарлардың дистрибьюторы қандай да бір басқа аумақта көрген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы, ал Қатысушы Тапсырыс берушінің сол талабын бірден орындауға міндетті.

14.3. Ережелердің осы тармағы Науқан кезеңі аяқталғаннан кейін де өз күшінде қалады.

НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ОСЫ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МӘТІНІМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСҚАНДЫҒЫН ЖӘНЕ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ШАРТТАРЫМЕН ЕШ ШЕКТЕУСІЗ ЖӘНЕ СӨЗСІЗ КЕЛІСЕТІНДІГІН РАСТАЙДЫ.

ТҮСІНІСПЕУШІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НҰСҚАЛАРЫНДА ҚАНДАЙ ДА БІР АЙЫРМАШЫЛЫҚ БОЛСА, ОРЫС ТІЛІНДЕГІ НҰСҚА БАСЫМДЫЛЫҚҚА ИЕ БОЛАДЫ.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МӘТІНІМЕН ТАНЫСУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕМЕСЕ «ТОИМАРТ» СУПЕРМАРКЕТ ЖЕЛІСІНІҢ РЕСМИ САЙТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АҚАУЛАР ҮШІН ЖАУАП БЕРМЕЙДІ.

ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕР 2024 ЖЫЛДЫҢ 21-ҚАРАШАСЫНДА КҮШІНЕ ЕНЕДІ.

«COCA-COLA», «COKE», «COCA-COLA ZERO», «COKE ZERO», «FANTA», «SPRITE», Контурлы бөтелке, Динамикалық толқын «The Coca-Cola Company» (Дзе Кока-Кола Компани) компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ РЕКЛАМНОЙ АКЦИИ «Подарки под Ёлку от Coca-Cola»

15. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.6. Настоящие Правила проведения рекламной акции «Подарки под Ёлку от Coca-Cola» (далее – «**Правила**») устанавливают порядок и условия проведения рекламной акции «Подарки под Ёлку от Coca-Cola» (далее – «**Акция**»), а также розыгрыша и выдачи призов в рамках Акции.

1.7. Целью проведения Акции является стимулирование интереса потребителей, увеличение объема продаж, формирование положительного имиджа и повышение потребительского спроса на питьевую продукцию с Товарными Знаками ТССС² (далее – «**Продукция ТССС**»), производимую Заказчиком.

1.8. Акция проводится среди розничных клиентов сети супермаркетов «Toimart», расположенных на территории Республики Казахстан, в населенных пунктах Алматы, Каскелен, Талгар, Иссык, Конаев, Талдыкорган, Жаркент, Ушарал, Боралдай, Отеген батыр, Абай, Иргели, Панфилово, Узынагаш.

1.9. Настоящие Правила представлены на русском и казахском языках и доступны для ознакомления на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz. Участие в Акции считается подтверждением того, что Участник ознакомлен с настоящими Правилами и согласен с ними.

1.10. Акция проводится исключительно среди розничных покупателей, приобретающих Продукцию ТССС на кассах сети супермаркетов «Toimart». Участие в Акции не предусмотрено для покупателей, приобретающих Продукцию ТССС в клиентских отделах и оптомаркетах.

АКЦИЯ И РОЗЫГРЫШ ПРИЗОВ, ПРОВОДИМЫЕ В СООТВЕТСТВИИ С НАСТОЯЩИМИ ПРАВИЛАМИ НЕ ЯВЛЯЮТСЯ ЛОТЕРЕЕЙ ИЛИ АЗАРТНОЙ ИГРОЙ, А ТАКЖЕ НЕ ТРЕБУЮТ ОТ ЛИЦ, УЧАСТВУЮЩИХ В АКЦИИ И РОЗЫГРЫШЕ ПРИЗОВ ВНЕСЕНИЯ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЙ ПЛАТЫ ЗА УЧАСТИЕ В НЕЙ.

16. ЗАКАЗЧИК И ОРГАНИЗАТОР АКЦИИ

2.3. Заказчик Акции: ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс» созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан и зарегистрированное по адресу: Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, улица Гоголя, дом 203/73, почтовый индекс А05D0G0 (далее – «**Заказчик**»).

2.4. Организатор Акции: ТОО «ТОИМАРТ» созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан и зарегистрированное по адресу: Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, улица Розыбакиева, дом 4, почтовый индекс 050009 (далее – «**Организатор**»).

17. ПЕРИОД И МЕСТО ПРОВЕДЕНИЯ АКЦИИ

3.3. Период проведения Акции: с 21 ноября 2024 года по 15 января 2025 года (обе даты включительно) (далее – «**Период проведения Акции**»).

² ТССС – совместно или по отдельности компании The Coca-Cola Company, компания «Schweppes Holdings Limited», все и любые другие обладатели прав на Товарные Знаки ТССС, предоставившие ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс» права на использование Товарных Знаков ТССС.

Товарные Знаки ТССС – все Товарные знаки, используемые ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс» при производстве, распространении и (или) рекламе продукции ТОО СП «Кока-Кола Алматы Боттлерс».

3.4. Место проведения Акции: сеть супермаркетов «Toimart» находящаяся на территории Республики Казахстан, в населенных пунктах Алматы, Каскелен, Талгар, Иссык, Конаев, Талдыкорган, Жаркент, Ушарал, Боралдай, Отеген батыр, Абай, Иргели, Панфилово, Узынагаш (далее – «Место проведения Акции»).

18. АКЦИОННАЯ ПРОДУКЦИЯ

4.2. Акционная продукция: в Акции участвует Продукция ТССС следующих наименований (далее – «Акционная продукция»):

№	Наименование Продукции ТССС	Объем	Штрихкод
6	Coca-Cola Classic	2 ЛИТРА	5449000000286
7	Coca-Cola Classic	2,25 ЛИТРА	5449000025173
8	Coca-Cola Zero Sugar	2 ЛИТРА	5449000131843
9	Fanta	2 ЛИТРА	5449000004840
10	Sprite	2 ЛИТРА	5449000004864

19. МЕХАНИКА АКЦИИ

5.8. Механика Акции: для того, чтобы принять участие в Акции, клиенту сети супермаркетов «Toimart» необходимо выполнить следующие действия:

4) совершить покупку в одном из филиалов сети супермаркетов «Toimart», включающую не менее 2 (двух) единиц Акционной продукции одного наименования в Период проведения Акции;

5) получить в результате покупки чек контрольно-кассовой машины с промо-кодом, подтверждающий покупку не менее 2 (двух) единиц Акционной продукции одного наименования;

6) ввести и зарегистрировать промо-код, указанный на чеке контрольно-кассовой машины на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz, посредством заполнения данных для регистрации (включая, но не ограничиваясь): фамилия; имя; отчество (при наличии); номер мобильного телефона; адрес электронной почты.

Лицо, выполнившее вышеуказанные действия, становится участником Акции (далее – «Участник») и получает право на участие в розыгрыше призового фонда, указанного в пункте 7.1. настоящих Правил. Оригинал чека контрольно-кассовой машины, зарегистрированный для участия в Акции должен быть сохранен на весь Период проведения Акции, включая розыгрыш и выдачу призов.

Примечание: оригинал чека контрольно-кассовой машины для участия в розыгрыше призов должен быть целым и подлинным, не иметь повреждений, стертых или нечитаемых данных, а также содержать всю информацию, необходимую для участия в розыгрыше, указанную в настоящем пункте. В случае, если чек контрольно-кассовой машины не соответствует вышеуказанным требованиям, то Участник не имеет права на участие в розыгрыше призов.

5.9. Данные, предоставленные Участником при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по

адресу: www.toimart.kz, автоматически передаются во внутреннюю систему Организатора и будут выгружены из неё к дате проведения розыгрыша призового фонда Акции.

5.10. Неверное, неполное и (или) некорректное заполнение Участником данных при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz не является виной Заказчика и (или) Организатора. В случае неверного, неполного и (или) некорректного заполнения данных при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины, Участники не допускаются к участию в Акции и розыгрыше призов.

5.11. Один промо-код, указанный на чеке контрольно-кассовой машины предоставляет Участнику право на участие в одном из четырех розыгрышей призов, указанных в пункте 8.1. настоящих Правил и не может быть использован повторно. Для участия в каждом из розыгрышей призов, Участнику необходимо приобрести Акционную продукцию в соответствии с пунктом 5.1. настоящих Правил не менее четырёх раз, а также ввести и зарегистрировать четыре разных промо-кода на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz.

5.12. Заказчик и Организатор не несут ответственности за затраты и расходы, которые могут возникнуть у Участников в связи с приобретением Акционной продукции, участием в Акции, розыгрышем и выдачей призов, если иное прямо не предусмотрено в настоящих Правилах.

5.13. Заказчик не несет ответственности за следующие случаи:

- 6) за отсутствие или исчерпание Акционной продукции в соответствующем филиале сети супермаркетов «Toimart»;
- 7) за невыполнение соответствующим филиалом сети супермаркетов «Toimart» обязательства по выдаче чека контрольно-кассовой машины с промо-кодом;
- 8) за сбой в связи или в работе контрольно-кассовой машины, в результате которого Участнику не был выдан чек контрольно-кассовой машины или был выдан чек контрольно-кассовой машины без промо-кода либо содержащий неполные или некорректные сведения;
- 9) за ошибки, опечатки или другие неточности в чеке контрольно-кассовой машины или промо-кода, в результате которых Участник не смог зафиксировать и (или) зарегистрировать покупку Акционной продукции для участия в Акции;
- 10) за сбой в связи или в работе официального сайта сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz, в результате которого Участнику не удалось зафиксировать и (или) зарегистрировать промо-код, указанный на чеке контрольно-кассовой машины.

5.14. Все сроки, указанные в настоящих Правилах, исчисляются по времени города Астана, Республика Казахстан.

20. УЧАСТНИКИ АКЦИИ

6.3. Участники Акции: в Акции могут принять участие следующие лица:

- 3) граждане Республики Казахстан, достигшие возраста 18 лет на дату приобретения Акционной продукции;
- 4) граждане иностранных государств, имеющие вид на жительство в Республике Казахстан и постоянно проживающие на её территории, достигшие возраста 18 лет на дату приобретения Акционной продукции.

Примечание: к участию в Акции не допускаются (i) лица, не соответствующие требованиям настоящего пункта, (ii) работники, сотрудники и представители Заказчика

и Организатора, члены их семей, а также аффилированные с ними лица, (iii) работники, сотрудники и представители третьих лиц, имеющие договорные отношения с Заказчиком и Организатором, связанные с подготовкой, организацией и проведением Акции.

6.4. Участник не допускается к розыгрышу и выдаче призов в следующих случаях:

- 7) нарушения или несоблюдения Участником положений настоящих Правил;
- 8) совершения Участником неправомерных действий, связанных с проведением Акции;
- 9) отказа Участника от участия в Акции и отзыва согласия на сбор и обработку персональных данных;
- 10) если по чеку контрольно-кассовой машины был произведена отмена или возврат Акции;
- 11) совершения Участником иных действий, нарушающих условия участия в Акции и положения настоящих Правил.

21. ПРИЗОВОЙ ФОНД АКЦИИ

7.3. Призовой фонд Акции: призовой фонд Акции формируется за счет средств Заказчика и состоит из следующих призов (далее – «Призы»):

№	Наименование Приза	Кол-во
7	Вертикальный пылесос DYSON V8 (SV25) ABSOLUTE	4
8	Телевизор LG LED 43LM5772PLA FHD SMART	4
9	Робот-пылесос XIAOMI ROBOT VACUUM S10+ (White)	4
10	Умная колонка Яндекс.Станция Мини с часами (Черный оникс)	12
11	Ручной блендер BRAUN MQ 535 Sauce	12
12	Тостер Smeg TSF-01CREU	12

7.4. Заказчик и Организатор не несут ответственности за несоответствие Призов личным ожиданиям Участников Акции. Внешний вид, характеристики, технические параметры и другие особенности Призов могут отличаться от изображений и описаний, представленных в рекламных материалах Акции или других источниках информации. Призы не подлежат обмену на денежный эквивалент их стоимости или иные виды компенсации, за исключением случаев, прямо предусмотренных Правилами или действующим законодательством Республики Казахстан.

22. РОЗЫГРЫШ ПРИЗОВ

8.5. Розыгрыш Призов среди Участников производится представителями Организатора в следующие периоды:

- 5) Первый розыгрыш: с 5 декабря 2024 года по 12 декабря 2024 года;
- 6) Второй розыгрыш: с 19 декабря 2024 года по 26 декабря 2024 года;

- 7) Третий розыгрыш: с 2 января 2025 года по 9 января 2025 года;
- 8) Четвертый розыгрыш: с 16 января 2025 года по 23 января 2025 года.
- 8.6. Точная дата каждого розыгрыша Призов определяется совместным решением Заказчика и Организатора. После определения даты, Участники будут своевременно и надлежащим образом уведомлены о ней.
- 8.7. Механика розыгрыша: розыгрыш Призов среди Участников и определение победителей (далее – «**Победитель**») производится представителями Организатора случайным образом с использованием генератора случайных чисел по адресу: www.random.org на основании данных, предоставленных Участником при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz.
- 8.8. Процесс определения Победителей с использованием генератора случайных чисел документируется представителями Организатора посредством записи экрана, которая хранится Организатором в течение месяца с даты окончания Акции. Результаты розыгрыша Призов и запись экрана публикуются на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz.

23. УВЕДОМЛЕНИЕ ПОБЕДИТЕЛЕЙ

- 9.5. После завершения розыгрыша Призов и определения Победителей, представители Организатора уведомляют Победителей о результатах розыгрыша Призов посредством телефонного звонка, сервиса обмена мгновенными сообщениями WhatsApp и (или) любым иным способом, позволяющим надлежащим образом уведомить Победителя.
- 9.6. Если в течение 3 (трех) рабочих дней с даты проведения розыгрыша Призов, представители Организатора не смогут связаться с Победителем по контактными данным, указанным при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart», Победитель утрачивает своё право на получение Приза. В данном случае представителями Организатора проводится повторный розыгрыш Приза для определения нового Победителя.
- 9.7. Если в течение 3 (трех) рабочих дней с даты проведения розыгрыша Призов, представители Организатора успешно связываются с Победителем по контактными данным, указанным при регистрации промо-кода, указанного на чеке контрольно-кассовой машины, Победитель уведомляется о победе в розыгрыше Призов. В этом случае Победителю сообщается информация о дате и месте выдачи Приза, а также о документах, необходимых для его получения, включая, но не ограничиваясь: (i) документы, удостоверяющие личность Победителя, (ii) оригинал чека контрольно-кассовой машины и (iii) иные документы, которые могут быть запрошены представителями Организатора для выдачи Приза.
- 9.8. В случае успешного уведомления Победителя о результатах розыгрыша Призов, Победитель обязан в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента получения уведомления предоставить представителям Организатора документы, указанные в пункте 9.3 настоящих Правил.

24. ВЫДАЧИ ПРИЗОВ

- 10.9. Выдача Призов Победителям осуществляется представителями Организатора в период между 16 января 2025 года и 15 февраля 2025 года. Точная дата выдачи Призов определяется совместным решением Заказчика и Организатора. В случае определения точной даты выдачи Призов, Победители будут своевременно и надлежащим образом уведомлены о дате, времени и месте выдачи Призов.

10.10. Для получения Призов, Победители обязаны лично явиться в место выдачи Призов в установленную дату и время выдачи Призов.

10.11. При получении Приза, Победитель обязуется подписать Акт об уведомлении и получении приза (далее – «Акт») и согласие в соответствии с разделом 11 настоящих Правил (при необходимости). Заказчик и Организатор считаются исполнившими свои обязательства по выдаче Приза в момент его вручения Победителю. Моментом вручения Приза считается дата вручения, указанная в Акте.

10.12. Приз не выдается Победителю в следующих случаях:

- 8) нарушения или несоблюдения Победителем положений настоящих Правил;
- 9) совершения Победителем неправомерных действий, связанных с проведением Акции;
- 10) невозможности связаться с Победителем в течение 3 (трех) рабочих дней с даты проведения розыгрыша Призов при условии надлежащего уведомления;
- 11) невыполнение Победителем требований по предоставлению документов, необходимых для получения Призов и (или) иных требований, установленных в настоящих Правилах;
- 12) отказ Победителя от подписания Акта и согласия в соответствии с разделом 11 настоящих Правил;
- 13) отказ Победителя от получения Приза или отзыв согласия на сбор и обработку персональных данных;
- 14) совершения Победителем иных действий, нарушающих условия участия в Акции и положения настоящих Правил.

10.13. Организатор и его уполномоченные представители оставляют за собой право:

- 4) запрашивать документы, удостоверяющие личность Победителя, а также иные документы, необходимые для выдачи Приза в соответствии с настоящими Правилами;
- 5) отказать в предоставлении Приза Победителю, который нарушил требования пункта 10.4. настоящих Правил;
- 6) требовать от Победителей и (или) лиц, сопровождающих их предоставить согласие на сбор и обработку персональных данных.

10.14. Заказчик и Организатор не несут ответственности за затраты и расходы, которые могут понести Победители в связи с выдачей и получением Призов.

10.15. Заказчик самостоятельно оплачивает индивидуальный подоходный налог (далее – «ИПН») за Победителей розыгрыша и обладателей Призов.

10.16. Заказчик и (или) его уполномоченные представители оставляют за собой право потребовать от Победителя предоставления документов или информации, необходимых согласно законодательству Республики Казахстан для оплаты ИПН с физического лица, который может возникнуть при получении Победителями Призов. В случае отказа Победителя в предоставлении Заказчику и (или) его уполномоченным представителям таких документов и (или) информации, Заказчик и (или) его уполномоченные представители оставляют за собой право отказать в выдаче Приза.

ВАЖНОЕ ПРИМЕЧАНИЕ

НИ ПРИ КАКИХ ОБСТОЯТЕЛЬСТВАХ ПРИЗЫ, ВРУЧАЕМЫЕ ЗАКАЗЧИКОМ ПО АКЦИИ, НЕ ПОДЛЕЖАТ ПРОДАЖЕ ИЛИ ПЕРЕПРОДАЖЕ. ЛЮБАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ В НАРУШЕНИЕ ДАННОГО УСЛОВИЯ БУДЕТ РАСЦЕНИВАТЬСЯ КАК

НЕПРАВОМЕРНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТОВАРНЫХ ЗНАКОВ, ПРИНАДЛЕЖАЩИХ КОМПАНИИ «THE СОСА-COLA COMPANY», КОТОРАЯ ИМЕЕТ ПРАВО ПРЕДПРИНЯТЬ ЛЮБЫЕ ПРАВОВЫЕ МЕРЫ ВОЗДЕЙСТВИЯ, КОТОРАЯ ОНА ПОСЧИТАЕТ НЕОБХОДИМЫМИ ДЛЯ ЗАЩИТЫ СВОИХ ПРАВ И ПРЕКРАЩЕНИЯ НЕЗАКОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.

25. СОГЛАСИЕ УЧАСТНИКОВ

11.4. Выдача и вручение Призов может быть организовано в виде публичного мероприятия с участием средств массовой информации, которые могут производить аудиозапись, фото- и видеосъемку процесса розыгрыша и выдачи Призов. Участвуя в Акции, все Участники Акции, дают свое согласие на то, что их имена, адреса, аудиозаписи, изображения и видеозаписи могут придаваться огласке и использоваться в аудио-, фото- и видеоматериалах Заказчиком, Организатором и (или) иными лицами, задействованными в подготовке, организации и проведению Акции по собственному усмотрению без предоставления какой-либо компенсации Участникам Акции.

11.5. В случае организации и проведения вышеуказанного публичного мероприятия, представители Заказчика, Организатора и (или) иные лица, задействованные в подготовке, организации и проведении Акции надлежащим образом информируют Участников, Победителей и (или) лиц, сопровождающих их о данном условии и необходимости предоставить вышеуказанное согласие и (или) согласие на сбор и обработку персональных данных.

11.6. Каждый Участник, участвующий в розыгрыше и Победитель, обратившийся за получением Приза, дает свое согласие на то, что его или её Ф.И.О, изображение, видео- и аудиозаписи могут быть обнародованы в любом виде, в котором Заказчик, Организатор и (или) иные лица, задействованные в подготовке, организации и проведении Акции посчитают нужным по собственному усмотрению, и могут быть использованы Заказчиком, Организатором и (или) иными лицами, задействованными в подготовке, организации и проведении Акции в любых аудио-, фото- и видеоматериалах без дополнительного согласия или разрешения от Участников, Победителей и (или) лиц, сопровождающих их, без выплаты какой-либо компенсации Участникам, Победителям и (или) лицам, сопровождающих их и без необходимости уведомлять их в дальнейшем.

26. ИЗМЕНЕНИЕ И ДОПОЛНЕНИЕ ПРАВИЛ

12.5. Заказчик и Организатор имеют право в любое время вносить изменения и (или) дополнения в текст настоящих Правил.

12.6. Информирование Участников об изменениях и дополнениях в текст Правил осуществляется посредством публикации соответствующего уведомления на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz. Публикация на сайте считается достаточным и надлежащим способом уведомления Участников об изменениях и дополнениях в тексте Правил.

12.7. В случае необходимости Заказчик и Организатор могут использовать иные способы уведомления Участников об изменениях и дополнениях в текст Правил.

12.8. Заказчик не несет ответственности за сбои в связи или в работе официального сайта сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz, препятствующие Участнику ознакомиться с изменениями и дополнениями в текст Правил.

27. ОТМЕНА, ПРИОСТАНОВЛЕНИЕ И ПРЕКРАЩЕНИЕ АКЦИИ

13.5. Заказчик и Организатор имеют право в любое время отменить, приостановить, возобновить, продлить или завершить действие Акции.

13.6. Информирование Участников об отмене, приостановлении, возобновлении, продлении или завершении действия Акции осуществляется посредством публикации соответствующего уведомления на официальном сайте сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz. Публикация на сайте считается достаточным и надлежащим способом уведомления Участников об отмене, приостановлении, возобновлении, продлении или завершении действия Акции.

13.7. В случае необходимости Заказчик и Организатор могут использовать иные способы уведомления Участников об отмене, приостановлении, возобновлении, продлении или завершении действия Акции.

13.8. Заказчик не несет ответственности за сбои в связи или в работе официального сайта сети супермаркетов «Toimart» по адресу: www.toimart.kz, препятствующие Участнику узнать об отмене, приостановлении, возобновлении, продлении или завершении действия Акции.

28. ТОВАРНЫЕ ЗНАКИ THE COCA-COLA COMPANY (TCCC)

14.4. Ничто в настоящих Правилах не должно толковаться как предоставление Участнику права владения или получения выгоды в отношении Товарных Знаков ТССС. Ни условия Правил, ни участие в Акции не даёт Участнику право на использование или упоминание (без предварительного письменного разрешения ТССС) названия, эмблемы, товарных знаков или авторских прав ТССС и Заказчика для маркетинговых или рекламных целей, а также для любых других целей, не относящихся и выходящих за рамки проведения Акции. Участник признаёт и не будет никогда подвергать сомнению действительность Товарных Знаков ТССС или право собственности ТССС на них.

14.5. В случае нарушения Участником условий настоящих Правил о соблюдении прав на Товарные Знаки ТССС, Заказчик вправе потребовать, а Участник обязуется по первому требованию Заказчика возместить все убытки, понесённые Заказчиком и (или) ТССС, а также каким-либо другим авторизованным производителем и (или) дистрибьютором продукции с Товарными Знаками ТССС на той или иной территории в связи с вышеуказанным нарушением.

14.6. Настоящий раздел Правил продолжает действовать после окончания Акции.

УЧАСТВУЯ В АКЦИИ, ВСЕ УЧАСТНИКИ АВТОМАТИЧЕСКИ ПОДТВЕРЖДАЮТ, ЧТО ОНИ ВНИМАТЕЛЬНО ОЗНАКОМИЛИСЬ С ТЕКСТОМ НАСТОЯЩИХ ПРАВИЛ И БЕЗОГОВОРЧНО СОГЛАШАЮТСЯ С УСЛОВИЯМИ И ПОЛОЖЕНИЯМИ НАСТОЯЩИХ ПРАВИЛ БЕЗ КАКИХ-ЛИБО ОГРАНИЧЕНИЙ ИЛИ ИСКЛЮЧЕНИЙ.

ВО ИЗБЕЖАНИЕ ДВОЯКОГО ТОЛКОВАНИЯ, В СЛУЧАЕ ЛЮБЫХ РАЗНОЧТЕНИЙ МЕЖДУ ВЕРСИЯМИ НАСТОЯЩИХ ПРАВИЛ НА РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ, ВЕРСИЯ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ БУДЕТ ИМЕТЬ ПРЕВАЛИРУЮЩЕЕ ЗНАЧЕНИЕ.

ОРГАНИЗАТОР НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА СБОИ В СВЯЗИ ИЛИ В РАБОТЕ ОФИЦИАЛЬНОГО САЙТА СЕТИ СУПЕРМАРКЕТОВ «ТОИМАРТ», ПРЕПЯТСТВУЮЩИЕ ОЗНАКОМЛЕНИЮ С ТЕКСТОМ НАСТОЯЩИХ ПРАВИЛ.

НАСТОЯЩИЕ ПРАВИЛА ВСТУПАЮТ В ЗАКОННУЮ СИЛУ С 21 НОЯБРЯ 2024 ГОДА.

«COCA-COLA», «COKE», «COCA-COLA ZERO», «COKE ZERO», «FANTA», «SPRITE», Контурная Бутылка, Динамическая Волна являются зарегистрированными товарными знаками компании The Coca-Cola Company (Дже Кока-Кола Компани).